

Омір біреуді үлкен бағымен, ал енді бірін түрлі қиындықтарымен сынайды. Тағдырдың сан қилы сынағына шыдап, небір ауыртпалықты бастан өткеріп жүрген келіншектер бар арамызда. Оларды көріп, жағдайын сезінбеу, түсінбеу мүмкін емес. Алғашында жігіттің торесіне, адамзаттың асылына қосылдым ба деп жүргенде, кейіннен таяқ жеп, кокала қойдай боп жүретінін қалай түсіндіресін? Осындайда «біздің қолдан не келеді?» деп қарап қалмай, сол жандар үшін жана орталық ашып, оларға бар жағдайды жасап келе жатқан «Самұрық»- инновациялық идеяларды дамыту орталығы қоғамдық қоры жанындағы «Қамқорлық» дағдарыс орталығының ұжымымен, жұмысымен танысып қайтқан болатынбыз.



– Орталықты осы жылдың 9 айында 146 адам паналап шықты. Қазіргі таңда 9 ана, 15 бала, барлығы 24 адам бар. Өкінішке қарай, отбасында жасалынып жатқан қылмыстар мен зорлық-зомбылық жылдан-жылға көбейіп келеді. Оны орталық көмегіне деген сұраныстың артуынан байқауға болады. Негізі бұл бұған дейін де болған нәрсе. Бірақ ол кезде бүгінгідей әйелдер өз құқықтарын біле бермейтін. Қүйеуі әйеліне қол көтерсе, ол бір солай болуы тиіс нәрсе болып көрінді. Алайда әйел – ер-азаматтың меншігі емес. Ауылдық жерлерде мынадай түсінік қалыптасқан. Үйленеді де, «менің әйелім, не істесем

*де өзім білемін» дейді. Ол бір ұрады, екі ұрады, ал соны қайғы-лы жағдаймен аяқталмасына кім кепіл?- дейді орталық басшысы Жандос Түсмағамбетов.*

Орталықтың негізгі мақсаты – екі жасты бітімге шақырып, татуластыру, әйелді отбасына қайта қосу. Статистикаға сүйенсек, осында ағымдағы жылдың 9 айында 52 отбасынан келіншектер келген болса, соның 85 пайызға жуығы күйеулеріне қайта қосылыпты. Әрине, қолын бір қотеріп қалған адам екінші рет ұрмасына кім кепіл деуіңіз мүмкін. Осы жерде айта кету керек, мұндай оқиға болған жағдайда арнайы ішкі істер бөлімінің мамандарымен қорғау нұсқамасы шығарылады. Онда күйеуіне әйеліне дөрекі сойлеуге, қол қотеруге қатысы жоқ екендігі айтылады. Ал егер қайталанса, әкімшілік іс қозғалатыны ескертіледі. Сондықтан да болар, бүгінгі күні қайта татуласқан отбасындағы әйелдердің тек 5 пайызға жуығы ғана орталыққа қайта жүгінген.

Осында шілде айында көмек сұрай келген Әсемді күйеуі күрекпен ұратын қорықпайды. Бүгін дейін есірткіні шеккенін қорықпайды, құмарлығы жайлы қайынапаларынан естігені бар екен.

*– 1986 жылы туганмын. 2014 жылдың аяғында өзімнен 3 жас үлкен жігітке тұрмысқа шықтым. Екі қызым бар. Кішкентайым жақын-да 1-ге толды. Жұбайым алғаш-қы жылдары ауылда егінге қатысты жұмыстарды істеп, ақша табады. Кейін ол жерде айлық бермей, шығып қалды. Қолынан құрылыс жұмыстары да келеді. Кейде солай азын-аулақ ақша тауып- әкеледі. Негізгі жұмысы жоқ бірақ, - дейді ол.*

Қазіргі таңда орталық мамандары жолдасымен жұмыстар жүргізіп- жатқанын айтты. Күйеуін қорғамдық кеңес талқылауына салып-ты. Ал Әсемнің енесімен қарым-қатынасы жақсы екен. Жақын-да немересін сағынған әже оларды қорғауға келіпті мұнда. Ал үлкен қызы балабақшаға барады. Тегін. Тіпті, тасымал қолы де бар. Мұның бәрі орталықтың кәсіпкерлермен байланысының арқасында мүмкін болып- отыр.

Ал жасы 23-тегі Заринаның өмірі тіптен қиын. Осыдан 6 жыл бұрын өзінен 20 жас үлкен ер кісі алып қашып кеткен. Содан-- бері фермада өмір сүріп келген ол ертелі--кеш сиыр сауып,- күбі пісумен болған. Қолы босаса, балық аулайтын қорықпайды. Былайынша айтқанда, жеке өмірі жоқтың қасы. Бірде күннің қатты суығында жаздық аяқкиіммен сиыр сауған ол қатты тонады. Үйдегілердің оның жағдайын ойлайтын түрі жоқ. Содан амалы таусылған Зарин-а фермадағы қор қой-дың бірін сатып жібереді. Қырыққанда, сол кезде өзге малдары да жоғалып, соныңда енесі бар пәлені осыған жабады.

«Дауды-н басы Дайрабайдын кок сиыры» демек-ші, сатканы да, жоғалғаны да осынын мойнында кетеді де, арада үлкен түсі-ніспеушілік туады. Сойтіп Заринаны-н осында келуіне тура келеді.

*– Кармакшынын кызымын. Үш балам бар. Түнгышым 1-сыныпта оқиды. Қазіргі жолдасым сыртымнан ұнатып, алып қашып кеткен. Қарсылық танытпадым. Өйткені өзімнің 1 кызым бар еді. Бірінші күйеуімнің де жасы үлкен болатын,- деді ол.*

Келгеніне әлі бір айдын жөзі бола қоймаған Зарина өз ойын ашық жеткізе алмады. Тұйықталып қалғаны соншалықты, оған бұл өмірде ешнәрсе қызық емес секілді көрінді. Десе де, өзіндей тағдырлас жандармен бірге мұның айтып, шерін тарката алатыны қуантады. Ал орталық мамандары жолдасын тапқанын, енді осында шақырып, жұмыс істейтіндерін айтады.

Негізінен, мұндағы мамандар ерлі-зайыптыларға уақыт береді екен. Ойткені ер-азамат әйелсіз күн қорудің қаншалықты қиын екенін, балаларының жанында болмағанының жүрекке ауыр тиетінін түсінуі керек дейді олар. Ал таяқтың астында қалып, үнемі денесі көгеріп жүретін келіншектерінің ашуы қайтуы қажет. Сол кезде ғана олар бір-бірін іздей бастайтын көрінеді.

Айта кетейік, бұл жер – жабық, қоршаулы зона емес. Ашық мекеме. Әйел көмек сұрап келгенімен, әкесінің баласын қоруге қажысы жоқ деген түсінік жоқ. Кез келген уақытта қорға алады, кездесе алады. Тек ол үшін ер-азаматтың ішкі істер органдарының өкілі-мен, арнайы рәсімнен өткен қорғау нұсқамасы болуы қажет.

«Қамқорлық» дағдарыс орталығында біз сөз өткен келін-ше-ктерден бөлек тағы 7 ана жатыр. Олардың дені – аудандардан. Әсіресе, Сырдария ауданынан жүгінетіндер көп екен. Себебі- қалаға жақын орналас-қандықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылық қорғандарға қол ұшын созатын арнайы мекеменің барынан хабардар дейді Ж.Түсмағамбетов. Бір жағынан, әйелдер өз құқықтарын қорғай бастаған. Олар өздеріне қол көтерудің қылмыс екенін түсінген. Сонғы статистикаға сүйенсек, елімізде әрбір сегізінші әйелге зорлық жасалады екен. 1986 жылы Қайрат Рысқұлбеков: «Аланға мен Қонаевты да, басқаны- да қорғауға емес, қазақ қыздарын шашынан сүйреп, ұрып жатыр деген- сон бардым» деген екен сөз-қа берген жауабында. Ал біз бүгінде сол қазақ қыздарын өзіміз, қазақ жігіттері ұрып жатырмыз. Ер-азамат деген атымызға кір келуде. Тіпті, сұра-ныстың артуынан да болар, орталық жана ғимаратқа көшкен. Мұнда

бұрынғыдай 8 адамға емес, 30 адам-ға дейін қабылдай алады. Ж.Түсмағам-бетов ағымдағы жылдың шілде айында үкіметтік емес ұйымдардың кездесуінде арнайы облыс әкіміне ұсыныс та жасапты. Онда облыста зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдер санының жыл сайын артып келе жатқанын әрі жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын айтып, 100 орынға дейін кеңейту қажеттілігі туралы өз ойын білдірген.

Мұхтар Әуезов «Адамдықтың негізі – әйел» дейді. Егер отағасы әйелді бағаласа, дүниеде одан өткен мейірімді жан болмас еді. Ойткені оның жаратылысы – нәзік, гүл сияқты. Аяласан жайнайды, аямасан солады. Шынында да ұйының жыртығын жамап, кемтігін толтырып жүретін әйел заты барынша қамқорлықты қажет етеді. Олар өздерінің жанында жылағанда жұбататын, жығылғанда қол ұсын созатын мықты ер-азаматтың болғанын қалайды. Олардан жаралы жанына шипа болатын сөз естігісі келеді. Кеменгер жазушы жоғарыда біз айтып өткен мақаласының соңында «...Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел- болып қалам демесен, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десен, әйелдің халін түзе!» деген екен. Берік отбасы болып-, саналы ұрпақ тәрбиелей-мін деген адамға түсінікті-ақ!

*(Кейіпкерлер есімдері өзгертілген)*

**Жансая ЖҮНІСОВА**